**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі (2022 жыл)**

Қазақ тілі мен әдебиеті
I тур
9-сынып

**Эссе тақырыптары:**
1. Шешендік өнер – халық даналығы
2. Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының ұлы биі (Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына 355 жыл)
3. .«Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» деген позицияны ұстана отырып, ойыңызды дамытып жазыңыз

Эссе тақырыптарының біреуі – еркін тақырып, екеуі оқу бағдарламасына сәйкес таңдалған.

*Тапсырманың орындалу уақыты 120 минут*

**Эссеге қойылатын талаптар:**
- Эссе құрылымының сақталуы (10 балл)
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлеледермен дәйектелуі (аргументтер) (10 балл)
- Тақырып бойынша ой жүйесі, мағыналық тұтастық (10 балл)
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі, жазба жұмысының өмірмен байланысы (10 балл)
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (10 балл)

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі (2022 жыл)**

Қазақ тілі мен әдебиеті
I тур
10-сынып

**Эссе тақырыптары:**

1. «Ғылым таппай мақтанба» (Ұлы Абайдың ғылым-білім туралы ойлары)

2. Ақбілек – қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің көркемдік шыңы (Ойыңызды нақты дәлелдермен талдап жазыңыз)

3. *«...Артық ғылым кітапта,*
*Ерінбей оқып көруге»* деген Абайдың қанатты сөзіндегі негізгі ойды қазіргі замандағы кітап оқуға деген сұраныспен байланыстырып жазыңыз.

Эссе тақырыптарының біреуі – еркін тақырып, екеуі оқу бағдарламасына сәйкес таңдалған.

*Тапсырманың орындалу уақыты 120 минут*

**Эссеге қойылатын талаптар:**

- Эссе құрылымының сақталуы (10 балл)
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлеледермен дәйектелуі (аргументтер) (10 балл)
- Тақырып бойынша ой жүйесі, мағыналық тұтастық (10 балл)
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі, жазба жұмысының өмірмен байланысы (10 балл)
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (10 балл)

**Оқушылардың мектепішілік олимпиадасы**

**І тур - эссе жазу**

11 - сынып

**Жазба жұмысын бағалау тәртібі:**

*1) Эссенің құрылымы және тұтастығы – 10 ұпай;*
*2) Эссенің ашылуы және өзіндік пайым– 10 ұпай;*
*3) Деректер мен сілтемелер келтіру деңгейі – 10 ұпай;*
*4) Әдеби тіл нормасы және шығарманың стилі – 10 ұпай;*
*5) Емле және тыныс белгілер – 10 ұпай.*

Жазба жұмысынан оқушының жинайтын ең жоғары ұпайы - 50.

1. О.Бөкейдің «Атау кере» повесінде қандай мәселелер көтерілген. Өз ойыңызды дәлелдемелер келтіре отырып жазыңыз.
2. І.Есенберлиннің «Қаһар» романының тілдік ерекшеліктері неде? Ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.
3. «Дос –көңілдің күмбезі» тақырыбын С.Сейфулиннің «Сыр сандық» өлеңімен ұштастыра отырып, өз ойыңызды дәлелдемелер келтіре отырып жазыңыз.

*Эссе тақырыптарының біреуі – еркін тақырып, екеуі – оқу бағдарламасына сәйкес таңдалған.*

***Ескерту:*** *Эсседен алған ұпайы тең түскен жағдайда оқу бағдарламасы бойынша жазылған шығармаға басымдық беріледі.*

**Тапсырманың орындалу уақыты - 150 минут**

КТ-09-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел

Кез келген мемлекетті дамытатын, халықты арманына жетелейтін күш - идея. Идея - сол елдің алға қойған бағыты. Егер ол болмаса, кеме мұхитта, ұшақ көкте, адам жерде адасады.

Арғы-бергі тарихта „елім мәңгі болсын" деп армандайтын бірде-бір мемлекет жоқ. Ұлы далада „Мәңгілік ел" орнату идеясы бүгін ғана туа қалған жоқ. Ықылым замандардан бері ел орнап, билік қайда болғалы жалғасын үзбей келе жатқан әлемдік құбылыс. Адам баласы өмір бойы жұмақ жерді, бақытты өмірді, еркіндікті іздеумен, армандап-аңсаумен келеді. Ол арман - татулығы, береке-бірлігі жарасқан „Мәңгілік ел" орнату идеясы. Ол - қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман, Асанқайғы желмаяға мініп, шарқ ұрып іздеген Жерұйық, баянды тіршілік.

Қытайлар өзін „Аспан асты еліміз" десе, жапондар өздерін „Күншығыс еліміз" дейді. Ал біз - Ұлы дала еліміз. Қазақ - осы Ұлы далада туып, өсіп-өркендеген, талай ұлыс, талай қағанат орнатқан халық.

„Күлтегін" жырында „Егер сен Өтүкен қойнауында отырсаң, Мәңгілік ел орнатар едің" деген сөз бар. Мәңгі ел орнатуды Бумын, Істеміс қаған сынды бабаларымыз VII ғасырда-ақ аңсаған. Өкініштісі, бассыздықтың, алауыздықтың кесірінен қағанат құлап, олар арманына жете алмаған. Демек, Мәңгі ел орнату үшін алдымен жер тұтастығына, ел ынтымақтығына керек, ата тарихын ұрпақ санасына сіңіру керек.

Бүгінде біз өз алдымызға тәуелсіз мемлекетпіз. Осы тәуелсіздікке жету жолында қаншама жастар жанын қиған болатын. Білектің күшімен, найзаның ұшымен келген тәуелсіздікті сақтау - келешек жастардың қолында. Сондықтан М. Жұмабаев атамыз айтқан „Мен жастарға сенемін" деген қасиетті сөзін негізге ала отырып, өзім секілді жастарды отанға қызмет етуге шақырамын. Қазақтың әрбір жасы өзгелермен теңесе алатын білімді, ерекше дарынды, жан-жақты дамыған ұлт азаматы болуға ұмтылуы керек. Осы деңгейге жету үшін өзім де, өзім секілді замандастарым да білім мен тәрбиені қатар ұстап, еліміздің өркендеуіне зор үлес қосуға жүрміз!

1) Эссе құрылымының сақталуы: 9
2) Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдермен дәйектелуі: 9
3) Тақырып бойынша ой жүйесі, мағыналық тұтастығы: 9
4) Оқушының жеке көзқарасын білдіруі, жазба жұмысының өмірмен байланысы: 9
5) Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы: 9

Бағасы: 45


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қазыбек Келдібекұлы - қазақ халқының ұлы биі.
Халқымыздың айтулы кемеңгер билерінің бірі Қаз дауысты Қазыбек - шешендігімен дараланып көзге түскен тарихи тұлға. Оның аты жиі Абылай хан, Бұқар жырау, Төле данышпан кезеңі „Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама" атанған басқыншылығына қарсы күрес жолдары бүкіл қазақ даласына жайылады. Ол халқымыздың басына ауыр күн туып, не ел болу, не құрып кету қаупі төнген қиын сәтте ауырмаған шешендігімен, алғыр да білгір көсемдігімен ел намысын қорғап алады. Қазыбек есімі екі елдің арасын біріктіруші батыл елші, парасатты мәмілегер ретінде мәлім. Ұзақ сөзбен емес, ұғымтал оймен, ұшқыр қиялмен саралай отырып дәлді жеткізген сөздері елінің ең нәрседен қайтпайтын қайсар әрі шешен, батыр екенінің дәлелі. Қалмақ ханына „Егер бітімге келмесең, тұрысатын жеріңді айт - дейді кеп, - атадан ұл туса, құл болам деп тумайды. Ұл мен қызды қамаған отыра алмайтын елміз. Сен - қалмақ, біз - қазақ, қарпысқалы келгенбіз"..., - деп өз ойын анық білдіреді. Мұнда сөз бен сөз тіркесін жиі қайталап, бір ұғымның төңірегінде мәндес, мағыналас сөздерді шегелеп, негіздей сөйлеп, жалғанда сөздерді бұрмақтай жаудыртта. Табысуға келгенбіз, шабысқалы келгенбіз. Өмірдің осындай өктемді сөздері жоңғар ханының тіл-аузын аштырмай „айтқан сөзі - құрған қақпандай" болғанын анық байқаймыз. Биді халық „қазақ айтқан Қазыбек" деп қастерлеген. Сондай-ақ Қазыбектің жаратылысынан дүниеде ойлау қабілетінің аса жоғарылаға оның ұлтымыздың ұлылық сипат-белгілерін, істерін өрісі кең өнегелі нәбіз-шығармалары, тілінің дамуына жеріне жаңа жеткізуінде анықтала түседі. Қаз дауысты Қазыбек бидің бір топ толғаулары өмірдегі сыйластық, татулық, қадірмендік сияқты маңызды мәселелерді шешуге арналады. Бұлардың көбі өзінің өткірлігімен мән-мағынасы жағынан мақал-мәтел іспеттес болып келеді. Кейде сұрақтарға жауап беру, бір қатарда, онша қиында емес сияқты көрінеді. Алайда, бұлардың ішкі сыр-сарын ашып, „қиыннан қиыстыру", сөз өрнегін бүкіл нақыш бояуымен үйлесімді де ұтымды етіп, орында қолдана білу, оны шеберлікпен жеткізу қиынның қиыны. Осындай қанатты сөздерді тауып жеткізуге би шешендеріміз әр қашан дайын болғанын байқамаймыз. Бірде бас қосқан мәжіліс үстінде Қазыбекке: „Кім жасаған, не қылған?" деген бір сұрақ қойылады. Ол ойланбастан төмендегідей жауап қайтарымен толғауымыздың ұйқасында



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ...

Эссе құрылымының сақталуы – 7

Жинақталған тезистердің нақты дәлелдермен дәйектелуі – 7

Тақырып бойынша ой түйіні мен мазмұнның тұтастығы – 7

Оқушының жеке көзқарасы, жоба тақырыбының өмірмен байланысы – 6

Сауаттылық – 6

Барлығы 33 балл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ғылым таппай мақтанба

Абай - қазақ жазба әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар ерілес тұлға. Оның шығармалары қазақ әдебиетінің даму жолында айрықша орын алады. Қай шығармасын алып оқысақ та, адамға ой саларлық терең мағынаның жатқанын байқаймыз. Қанша уақыт өтсе де, ұлы ақынның мұрасы еш уақытта өз маңызын жоғалтқан емес.

Ақын өлеңдерінің басым көпшілігі оқу-білім, ғылым тақырыбына алтын арқау болып өрілген. Абай өз заманындағы халықтың надандығы мен сауатсыздығына күйіне отырып, ішкі жанайқайынан туған ойлар-ды өлеңдерінде шебер суреттей білген. Сондай өлеңдерінің бірі - „Ғылым таппай мақтанба" атты өлеңінде артық ыржың мен өсектің, мақтаншақтың, еріншектік пен ұсыраптылықтың адамға үлкен зиянын тигізетінін ескерте отырып, келешек жастарды сол жаман қасиеттерден аулақ болуға шақырады. Абай - халықты білімге, ғылымға, еңбекке көп үндеген ақын. Ғылымның әлеуметтік орнын адамдардың жақсы қасиетте-рімен байланыстыра қарады. „Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ -
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой -
Бес асыл іс, көнсеңіз. - деп, адамның әлеуметтік қасиеттерін жинақтап көрсетеді. Кісінің адамшылық қасиетін бірінші орынға қояды. Адам болам десең, байлықпен озбай


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ... ДАРЫНЫ ... РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КТ-11-03



қыл, әділеттілік, ғылым, ар, жақсы мінезбен сөз дейді. Бұл тұста ерекше бір көңіл бөлерлік жай - Абай ғылым бағу мен адам бағу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды. Абайша айтқанда, білімді бағу - сөздің сарасын сезе білу. Сөзді бұлғау, ардақ тұтпау орынсыз кесілу - бейшаралық, ақынға тән емес қылық. Ғылым нақтылықты, анықтықты сүйетіндігін, ал өзімшілдік талас-тартысқа бастайтынын, қалайда жеңу жолын таңдайтынын ұлы ойшыл бүгінгі оқырмандарына да алдын-ала ескертіп тұрғандай. Ұлы Абай өлеңдері мен қара сөздері жас ұрпақ үшін өмірлік бағдарламадай әсер етеді. Қазақ даласы ағартушылық идеясымен сусындай бастаған шақта, ақын әрі кемеңгер ойшыл білім мен ғылымға қозғау салды, зор серпін берді.

Абай шығармашылығына зер салғанда біздер бүгінгі уақыт тұрғысынан бағамдар, баға берсек, оның білім мен ғылым жайлы ой-пікірлері, көркемдік сөз әлемі әлі де маңызы мен мәнін жоғалтпағанына көзіміз жете түседі. Білім мен ғылымды ұлы Абай бекерге сөз етпелеуіне терең түйсінеміз. Кемеңгердің сөзін ту еткен қасиетіне бас иеміз. Қасиеті мен киесі мол ұлағатты сөздерін бойтұмардай сақтап жүруіміздің сыры да осында.

1) Эссе құрылымының сақталуы. 9
2) Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдермен дәйектелуі: 9
3) Тақырып бойынша ой жүйесі, мазмұның тұтастығы: 10
4) Оқушының жеке көзқарасын білдіруі, жазба жұмысының өмірмен байланысы: 9
5) Сауаттылығы (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы: 9
Барлығы: 46



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ДАРЫНДЫ... РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КТ-11-04

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Атау кере

Ұлттық сөз өнері зергерлерімізідің бірі, қай шығармасы болсын оқырманды бейжай қалдырмайтын қарымды қаламгер Оралхан Бөкейдің сөзға туындысы „Атау кере" романының атынан өзі бірден елең еткізеді. Өйткені, „Атау кере" сөзі ел ішінде адамдардың күнделікті қарым-қатынасында қолданыла бермейтін, сирек жағдайда, тағда бір ашынған ахуалда болмаса шарасыздықтан айтылатын салмақты ауыр ұғым.
„Атау-кере" повесі бүкіл адамзаттық мәселелерді қозғайды. Шығармада жеңіліс пен жеңіс, түңілу мен үміт, қиянат пен қайырым, аярлық пен адамдық тартаулас пен махаббат арасындағы тартысты күрес, өйткені өткен тарих пен бүгінгі нақтылықтың арасындағы аясындағы ұлт тағдыры мен келешегі таразыға тартылған романның кесек-кесек идеяларының түйіні. Романның басты үш кейіпкері Тоған, Ерік пен Айна ерлі-зайыпты. Тоған көңілі от ауызды, орақ тілді, жалаңдап тұрған жас аспирант. Үлкен білімнің жолына түсіп, әлі көп еңкім бара қоймаған тау, батыл тақырыптарда ғылыми еңбек жазып жүрген жас ғалым, ерте көзге түсіп жоғары оқу орындарында студенттерге лекция оқитын. Алайда кеңестік жүйедегі барлық саналы жандарды сан мәрте сансыратқан қасқанақтарға алданып қалады. Жазып жүрген еңбектерінің бәрі зая кетеді. Ең ақыры жұбанышпен көрінген ащы суға алданудан бұл жолдан құтыла алмады. Сөйтіп жүргенінде жұмысынан, дос-жаранынан жарыменен баласынан айырылды. Ал Ерік болса, менменсініп қалған өзінен озып шыққандарды жек көреді, байына сотып қазғанын білген қарапайым тасаң жан. Тіпті өзінің бала кезінен бірге өсіп келе жатқан досына да жаны ашымады, керісінше оған қастандық жасап ашы суға салынғанына қуанып пайдаланып жүреді. Өзіне қажеттінің барлығын ақшаға сатып алуға болады деген дүлей сеніммен келіп, бір жола байлықтың түбіне түскен. Тіпті туған анасына да, жарына да жаны ашымайтын, түпкі мағынасын өзі де түсіне бермейтін жан. „Атау кере" елімізге нарық заманы енді ғана келе бастаған уақытта жазылғанынан ескергенде, автордың

ҚТ - 11 - 04



Ерік бейнесі арқылы қоғамда „бәрін сатуға, бәрін сатып алуға болады" деген көзқарас қалыптасқан. Өзінің пайдасы үшін бәрін істеп соңында жарыққан да, анасынан айрылып өзі мерт болады. Мінекей, шығарманың шағын құрамдағы кейіпкерлерінің қуатты тілдері, сөз алдымен олардың ішкі әлемі бағанша кез ауқымында қалыпты тура, қат-қабат тағдыр айдап бүгінгі тіршіліктері тар кеңістікте тоғысқандықтан да, адамдардың әрбір шарықтау барысы қас-қағымда өтеді. Шығармада түсінгенім қанша ақшаның артынан қуса да жете алмаймыз, адамгершілікпен қасындағы жақындарыңды ұмытпау керек.

1) Эссе құрылымының сақталуы: 8
2) Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдермен дәйектелуі: 8
3) Тақырып бойынша ой жүйесі, мазмұндық тұтастық: 8
4) Оқушының жеке көзқарасын білдіруі, жазба жұмысының өмірмен байланысы: 7
5) Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталуы: 7

Барлығы: 38



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ... БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ...

КТ-11-05

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Дос - көңілдің күмбезі

Ақын „Сыр сандық" өлеңінде шынайы адал достықты тілге тиек еткен. Адалдық пен арамдық, талант пен күншілдік, мансап пен ұждан, достық пен қастықтың ара жігін аша жазып, адам үшін құнды байлық - достықты жырлайды. Ақын тек қана өз жайын, өз басының мұңын, жалпы адам баласын ойландыратын құндылықтарды жырлап отыр. Өжен достыққа қандай баға берді? Нағыз дос қандай болуы керек дейді?

Достық - адамдардың бір-біріне адал, бір мүддемі ортақ көзқараста болатын қасиет. Өмірге деген көзқарасы ортақ дүниетанымы деңгейлес, әрі бір-бірімен дос бола алады. Өлеңді оқи отырып, автордың дос көңілін шындығын қаймаға, алтын сарайға бағалайтынын байқаймыз. Лирикалық кейіпкер ақынның өзі достық сезімін құзды шыңға, нұлы шаңқалға, мөлдір суға, қымбат жасауға ұқсатады. Жалама, жалмауыз достарды қаламайды. Алтын сарай - шын достыққа нағыз дос ие болады дегенді айтады. Сұлу перделер адам бойындағы жақсы, жағымсыз қасиеттер. Өжен адамның көңіл-күйін, сырын, түспалдай жырлап, оны биік таудың басындағы кілттеулі сырсандыққа балайды. Кез-келген адамның кеудесінде шың, құз басында Өжен ағамыз айтқандай сыр сандығы болады. Оның ішінде алтын да, күміс те бәрі бар. Сұлу сандық талай сәл шыңға шығып, сын пернелер-ді басып қарап, біраз сыр ақтарысасың. Бірақ ол сандықта адамның жеке ақтаруын қалайды. Жанында жаныңды түсінер адам болса. Жоғарыда айтқандай, ол сандықта екінің біріне ақтаруға жол берген адам бақытсыз өмірде сүрінетін кездерде болады, сол кезде бірінші досыңа арқа сүйейсің, ал айналаңа қарасаң, олардың біреуін де таппайсың. Сатқындық, екі жүзділік, өзімшілдік достықпен сыйыспайды. Абай атамыздың айтуынша „Жаман дос көлеңке: басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың". Өмір ағымына қарай, шынайы достық пен жалған достықтың айырмашылығын үйренесің. Қорытындылай келе, осы өлеңді оқып бала санасымен өз жүрегіңе терең бойлап, сен де көңіліңмен сыр сандық іздейсің, ойланасың, ой тұжырымдайсың, өмірлік сабақ аласың. Адамдық асыл қасиеттерді бойына жинақтай алған адам ғана адамдарға шын дос, шынайы жолдас, ~~нағыз~~ дос болмақ. Ең бастысы, әрбір адам достықта шынайылық, адамгершілік, сенімділік, үйде берікшік қасиеттерді жоғалтпау тиіс.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

1) Эссе құрылымының сақталуы: 9

2) Жинақталған тезистердің нақты дәлелдермен дәйектелуі: 9

3) Тақырып бойынша ой жүйесі, мазмұның тұтастығы: 9

4) Оқушының және көзқарасын білдіруі, жазба жұмысының өмірмен байланысы: 9

5) Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталуы: 9

Барлығы: 45



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың І кезеңінің бағалау туралы**
**ведомость**

**Пәні** **қазақ тілі мен әдебиеті**
**Класс 9**

| | Шифр, код | Қатысушының жеке сәйкестендіру номері | Балл І тур |
|---|---|---|---|
| 1 | Қ.т-09-01 | 070915650706 | 45 |
| 2 | Қ.т-09-02 | 080508652474 | 33 |

Қазылар алқасының қолы: С. Нигметова
Ж. Егінбай
А. Мойнахова

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың І кезеңінің бағалау туралы**
**ведомость**

**Пәні** **қазақ тілі мен әдебиеті**
**Класс 10**

| | Шифр, код | Қатысушының жеке сәйкестендіру номері | Балл І тур |
|---|---|---|---|
| 1 | Қ.т-10-03 | 061128650263 | 46 |

Қазылар алқасының қолы: С. Нигметова
А. Мойнахова
Ж. Егінбай

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың І кезеңінің бағалау туралы**

**ведомость**

**Пәні** **қазақ тілі мен әдебиеті**
**Класс 11**

| | Шифр, код | Қатысушының жеке сәйкестендіру номері | Балл І тур |
|---|---|---|---|
| 1 | Қ.т-11-04 | 050923650200 | 38 |
| 2 | Қ.т-11-05 | 060324650216 | 45 |

Қазылар алқасының қолы: С. Нигметова
Ж. Егінбай
А. Мойнахова